

# АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

### Мұхамедғали Сужиковтың туғанына — 100 жыл

**Қай қоғамда болмасын кейде қайшылықты замана ағымына өр кеудесін тосып, қасқиып қарсы тұрған, халқы үшін жанын шүберекке түйіп жүріп, қажырлы қызмет еткен азаматтар болған, бола да береді. Міне, сондай ірі тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамедғали Әленұлы Сужиковтың туғанына биыл 100 жыл толып отыр.**

Мұхамедғали Сужиков 1910 жылы қазіргі Астрахан облысы Володар (Марфа) ауданы Баклано-Лопатино селосында дүниеге келген. Анасынан ерте айрылған бала 11 жасынан әкесінің шаруашылығында балықшылық кәсіппен айналысады. Сөйтіп жүріп ол молдадан арабша сауатын ашып, «әптиекті» тауысады. Алайда, бұған қанағаттанбаған жас шәкірт әкесінен оқуын жалғастыру үшін өзін орыс мектебіне орналастыруды өтінеді. Сөйтіп 1925 жылы Астрахань қаласында ашылған балықшылардың жетім балаларын оқытатын мектеп-интернатқа келеді. Ол түгелдей мемлекет тарапынан қаржыландырылған, губерния гимназияларында жақсы тәжірибе жинаған оқытушылармен қамтамасыз етілген еді. Осыдан кейін 1927 жылы қаладағы екі жылдық қазақ педагог кадрларын даярлайтын техникумға түсіп, оны алғашқылардың бірі болып үздік бітіріп шығады. Сонан 9 жылдай әртүрлі педагогтық жұмыстарда болады.

Ал 28 жасында ол Сталинград облысы Володар аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Осы қызметте болған кезінде ауданның экономикасы мен әлеуметтік-мәдени саласының дамуына көп еңбек сіңірді. Аудандағы балық өндірісін одан әрі дамытып, жана Мултанов, Төрин моторлы-балық аулау стансаларын ұйымдастырды. Калинино, Бакланий, Ямное және Володар қыстағында мектептер ашылуына мұрындық болды.

Көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталды да, айрықша ұйымдастырушылық қабілетімен танылған М.Сужиков соғыс тірлігіне тартылады. 1942 жылы Астрахань қорғанысының солтүстік бөлігіндегі соғыс шебінде жатқан аймақтарда жау танкілері шабуылына қарсы қорғаныс құрылыстарын салумен қатар, ұшқыштар батальонын жасақтауға белсенді араласып, Астрахань–Қызляр темір жол құрылысына қатысты.

Соғыс алаңы Батысқа ауысқаннан кейін, яғни 1943-1945 жылдары М.Сужиков БК(б)П Астрахань округтық комитетінің мал шаруашылығы жөніндегі хатшысы, Астрахань обкомының мал шаруашылығы жөніндегі хатшысының орынбасары болып істейді. Соғыстан кейін Мәскеудегі БКП (б) Орталық Комитеті жанындағы партиялық жұмысты ұйымдастырушылардың жоғары мектебін және Жоғары партия мектебін аяқтайды.

1948 жылы оқуды ойдағыдай аяқтаған Мұхамедғали Әленұлы Қазақстанға жіберілді. Бұл республикада партия кадрларының жетіспеушілігіне байланысты сол кездегі Қазақстан басшысы Жұмабай Шаяхметовтің ұйғарымы болса керек. Ол Мәскеуде болған кездерінде Жоғары партия мектебінде болып, Қазақстаннан келген тыңдаушылардың жағдайларымен танысып жүреді екен. Мұны Мұхаң кейін біледі. Сөйтіп Мәскеудің қоғамдық ғылымдар академиясына тапсырған өтініші, ғылыми ізденіс жолына түсуді қалаған ойы аяқсыз қалып, Ақтөбе облысынан бір-ақ шығады.

1948 жылы Ақтөбе облыстық партия комитетінің кадр жөніндегі хатшысы болып тағайындалған М.Сужиков жұмысқа бел шешіп кіріседі. Аудандарда іс сапармен жиі болып, соғыстан кейінгі елдің жағдайын көзімен көреді. Соғысқа, жеңіске деп барын

салған халықтың әлеуметтік күйі өте ауыр еді. Колхозшылар еңбеккүнге ештеңе ала алмайтын, өйткені колхоздың да беретіні жоқ-тұғын. Әкімшілік-мәжбүрлеу әдісімен қазақтар отырған аудандардағы бар жиналған астық мемлекет қарамағына алынып, олардың өздеріне бірін-саран малдарын сойып жеуге де рұқсат етілмейтін. Бұл мәселелерді облыс орталығынан алыс Қарабұтақ ауданына іс сапармен барғанда байқаған жаңа хатшы ойға қалады. Ол бұл қиыншылықтан шығудың уақытша болса да бірден бір жолы Орталықтан көмек сұрау деп түйеді. Обкомның бюросында Қарабұтақ ауданында қалыптасқан жағдаймен ой бөліседі, Мәскеуден көмек сұрауды ұсынады. Бірақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы мұндай шешімді міндетті түрде Қазақстан басшылығымен ақылдаспай жасауға болмайтынын ескертеді. Сужиков ондай іске Алматының келісім бермейтінін айтады. Содан не керек, бюро мүшелері екі жарылып, облыстық атқару комитетінің төрағасы Шашан Оразбаев және басқалар Сужиковты қуаттап, Мәскеуге арнайы хат жолдайды. Абырой болғанда мәскеудегілер хатқа түсіністік танытып, ауданға біраз материалдық көмек көрсетеді. М.Ә.Сужиковтың осы іс-әрекетін, принципшілдігін облыс халқы осы кезге дейін аңыз ғып айтып жүр.

Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті М.Сужиковты облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына бекітеді. Облыс басшысының жұмыс ауқымын, көтерген проблемаларын 1951 жылы маусымның 9-11 күндері өткен ІХ облыстық партия конференциясында жасаған баяндамасының мазмұнынан байқауға болады. Соңғы екі жылда, яғни 1948-1951 жылдары облыс колхоздарында оң өзгерістердің бірі ретінде мал шаруашылығында ауыр еңбекті қажет ететін үдерістерді механизациялауға нақты мысалдар келтіре отырып, алдағы 2-3 жылда облыс колхоздары мен совхоздары алдына мал тұқымын асылдандыруды, оның ішінде жұмысқа төзімді жылқы өсіруді, сүт және ет бағытында сиыр, еділбай тұқымды қой шаруашылығын молайтуды мақсат етіп қояды. Егістік жерлердің түсімділігі мен мал шаруашылығы өнімдерінің төмендігінен колхоздардың пайдасы да, колхозшылар еңбекақысы да аз болып отырғандығы баян етіліліп, оны көтерудің жолдары қарастырылады. Колхозшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету, олардың еңбегіне тиісті ақы төлеу және жеке шаруашылығында мал ұстаудың қажеттілігі атап көрсетіледі.

Облыстың мәдениетін көтеру, білім беру жүйесін жолға қою сияқты сол кез үшін өткір проблемалар көтеріледі. 1950 жылы мектеп бітірушілердің 225-і — республикалық, 93-і Қазақстаннан тыс жердегі жоғары оқу орындарына түскен. Бұл жерде мұндай жетістік М.Сужиковтың өзінің араласуымен болғанын да ескерген жөн.

Мұхамедғали Әленұлы туралы мәліметтер жинау мақсатымен 2009 жылы Ақтөбе облысына арнайы барып, көз көргендермен кездестік, мұражайда болдық.

Сонда Ұлы Отан соғысының ардагері, көп жыл партиялық қызметте болған Тоқмырза Күнбаев М.Сужиковке байланысты бір әңгімені айтып берген еді. 1948 жылы, ол кісі Алға аудандық партия комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі әрі бірінші хатшының көмекшісі кезінде, ауданға М.Сужиков келеді. Машинаға жол жоқ. Дала да, қала да қалың қардың астында. Хатшыны ат шанамен Қарақобда МТС-ына апару керек болады. Облыстан қонақ келсе пайдаланамыз деп арнайы бағып-қағып отырған жарамды аттарды шанаға жегіп жолға шығады. Қажет болып қала ма деп артық жылы тұлып та алады. Жолда аудан орталығынан 12 шақырым жерде орналасқан Молотов колхозына соғып, қорада тұрған малдарды көреді. Малшымен сөйлесіп, үй жағдайын біліп, бірсыпыра ескертпелер жасап, ары қарай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының «Земледелец» атты қосалқы шаруашылығына (подхоз) келеді. Мұнда да шаруашылықтың тиісті кісілерімен кездесіп, қал-ахуалдарын біледі. Ауылдың барлығын қар басып қалғандықтан, бұлар өздері мінген шананың бірде қармен көмілген кеңсенің үстінде тұрғанын да байқамаған көрінеді.

Сонымен не керек, жоспарлы объектілерді көргеннен кейін, хатшы кешкілік жиналыс өткізеді. Сонда Мұхаң ауыл шаруашылығын ерекше жақсы білетіндігін байқатады. «Біз де ауылда өскенбіз ғой, бірақ бірінші хатшының ауыл өмірін жетік білуі, не істеу керектігін нақты айтуы, әсіресе, малшылардың жағдайына ерекше көңіл бөлуі, МТС-ке не қажеттіні жақсы білгеннен кейін тиісті облыс басшыларымен сөйлесіп нақты тапсырмалар беруі, бүгін шешуге болатын істі ертеңге қалдырмауды талап етуі, тіпті Мұхаңның сөз саптауы мені қайран қалдырды», — деп Тоқмырза ағай сөзін аяқтады.

Ардагердің айтуынша, Мұхаңның Ақтөбеден Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып кеткенін көпшілік түсіністікпен қабылдағанымен, облыстағы жоспарлы жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік беру керек еді дегендер аз болмапты.

Жасыратыны жоқ, М.Сужиковтың Орталық Комитет хатшысы кезіндегі қызметі туралы кейбір қайшы пікірлер жоқ емес. «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты кітабында Д.Қонаев 1952 жылы сәуір айының 16-17 күндері Қазақ КСР Ғылым академиясының жалпы жиналысының сессиясында Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшелері М.П. Русаковты және А.Қ. Жұбановты, сондай-ақ Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Қ.Жұмалиевті атағынан айыру мәселесінің қаралғанына Орталық Комитет басшылары тікелей жауапты, бұл солардың нұсқауымен жасалған және идеология жөніндегі хатшы М.Сужиковтың бақылауымен жүзеге асырылған шаралар деп жазыпты.

Біз бұл оқиғаның қасында болғанымыз жоқ. Дегенмен осы мәселенің анық-қанығына жету мақсатында кейбір басылымдармен танысып, Алматыдағы Президент мұрағатының материалдарын қарадым. Алайда бұған нақты дәлел таба алмадым. Рас, ол бір бұралаңы көп қиын кезең болатын. Сталиннің: «Социализм түпкілікті жеңер кезде тап жауларының тіміскі әрекеттері бұрынғыдан да күшейіп әрі түрлене түседі...» деген қағидасы партияның Орталық Комитетінің таптық күресті күшейту туралы идеологиялық ұстанымына айналып, жергілікті партия органдары саяси тазартуды қолға алып еді.

1950 жылғы 26 желтоқсанда «Правда» газетіне шыққан «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан бағалау» атты мақаладан туындап, бірнеше жылға созылған Қазақстандағы аласапыран арнайы мақсатпен жасалынған болатын.

Осындай дүрбелеңнің аяғы 1951 жылдың қазанында «Республиканың партия ұйымдарындағы идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» мәселені Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің VIII пленумында арнайы қарауға алып келеді. Баяндаманы бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов жасайды. Онда Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа «марксистік» тұрғыдан «реакцияшыл» деген баға берілді, осыған байланысты қазақ тарихы және оның әдебиетінің тарихы, толып жатқан қазақ жазушыларының осы ұстаным-парадигмаға келмейтін шығармалары сынға ұшырады.

Осыларды айта отырып, мыналарды ескерте кеткен артық болмас. Жалпы партиялық билік жүйесінде салалық хатшыны кіналау логикаға келе бермейді. Оған облыстық партия комитетінде 17 жылдан астам қызметте болғанда көзіміз әбден жеткен. Мәселенің түп қазығы партиялық саясаттың иесі — бірінші басшыда болады.

Тағы да айтарымыз — өткенді жазарда сол кездің ерекшелігін ескермей, жарты ғасырдан кейін төрелік жасау әруақытта орынды бола қоймайды. Біздіңше, біреуді сынаудан көрі сол кезден тағылым алған әлдеқайда орынды болар еді.

М.Сужиков та ет пен сүйектен жаратылған адамның баласы, құдайдың пендесі болғаннан кейін, қателерден құр емес шығар. Оны Мұханның өзі де мойындаған, бірақ «арым, қолым таза еді» деген. Ол Қазақстанның гүлденуі үшін, қазақ халқының мәдени көтерілуі үшін аянбады. Осы жолда қателескен де шығар. Алайда ол жеке басының қамы үшін қателескен жоқ.

М.Сужиков Орталық Комитеттен кейін Қызылорда облысында істеді. Сыр бойының абзал ардагерлері М.Сужиков үш жарым жылдан астам уақыт ішінде облыстың келешегін гүлдендіруге негіз салғанын, облыс тарихында алтын әріппен жазылған, жұртшылықтың жадында мәңгі сақталып қалған ауқымды-ауқымды істерді жүзеге асырғанын, кадр мәселесінде аса тазалықпен, біліктілікпен жұмыс жасағанын, оларды тандай біліп, ұйымдастыра алғанын, оларға жоғары талап қойғанына қарамастан, бірде-бір басшыны орынсыз кіналап, қызметінен босатпағанын жыр қылып айтады.

Қызылордадан кейін М.Сужиковтың Семейге, халқымызға Абай, Шәкәрім мен Мұхтарды берген қасиетті өңірге, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына жұмысқа жіберілгені белгілі. Алайда бар күш-жігерін халқына қалтқысыз қызмет етуге арнаған, Қазақстанның мәдениеті мен экономикасының дамуына үлкен үлес қосқан, Еңбек Қызыл Ту, екі рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медалдармен марапатталған, республикамызда өзіндік бедел мен құрметке бөленген, барлық қызметте ұйымдастырушылық таланты жарқырап көрінген Мұхамедғали Әленұлы бас-аяғы екі жарым жылда Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босайды. Осының себебін іздеу, қажетті партиялық құжаттармен танысу мақсатында Семей қаласында да болған едік.

Расында да, Мұханда білім де, білік те жететін еді. Ақтөбе, Қызылорда облыстарында халық арасында болып шыңдалған, Орталық Комитетте жергілікті мәселелерге республикалық деңгейден қарап, баға беріп қалыптасқан ол жаңа жұмысқа ерекше жігермен кіріседі. Соның арқасында 1959 жылы облыс жоғары социалистік міндеттемесін абыроймен орындап шығады. Алайда бұл жолы Мұхамедғали Әленұлы мемлекетке ет және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатуда жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Еңбектегі ерлігі үшін» («За трудовую доблесть») медалін ғана алады. Ол кезде мұндай жетістіктер үшін облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы ең кемі Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталатын еді. Бұл Мәскеу басшыларының Сужиков жөніндегі көзқарастарының күрт өзгергенін көрсетеді. Жетістікті атамай өтуге ұялған, бірақ жоғары награда да бере алмаған. Мұның себептері бар еді.

М.Сужиков Семей облысына келісімен оның алдынан полигон зардабы шығады. Осыларға бірте-бірте көзі қаныққан, оның үстіне айтулы маман, радиолог Сайым Балмұхановтың материалдарымен жете танысқан М.Сужиков 1959 жылы Семей полигонындағы атом және термоядролық қаруды сынаудың зардаптары туралы КПСС Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.С.Хрущев пен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.И. Беляевке құпия хат жолдайды. КСРО Министрлер Кеңесі Семейдің жергілікті халқына аз да болса материалдық және медициналық көмек көрсету жөнінде құпия қаулы қабылдайды. Бұл сынақ басталған соң 10 жыл өткеннен кейін қабылданған бірінші шара болатын. Алайда, бұл Мәскеу және Қазақстан басшыларының Сужиков жөніндегі көзқарастарын күрт өзгертті. Бірақ бірден орнынан босатуға бара алмайды. Өйткені Семей полигоны аса құпия жағдайда ұсталды. Осыдан бастап Орталық М. Сужиковтен құтылудың амалын іздестіре бастады. Қазақстан Магниткасы аталған Теміртаудағы құрылыста болған атышулы оқиғадан соң осының сәті түседі. Бұл 1960 жылы «Қарағанды металлургия зауыты құрылысындағы

істің жағдайы туралы» деген күн тәртібімен өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы жабық пленумында қаралады.

Пленумда М.Сужиков Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросын принципті мәселеде партиялық пайымдылық танытпағаны үшін қатты сынайды. Ол бюроның басты кінәсі ең алдымен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысын, яғни Исаевты, сәтсіз таңдауда болғанын атап көрсетеді.

Кенес кезіндегі Қазақстандағы орыс текті басшылар өздері қазақтың тарихын, салтын, әдет-ғұрпын, мәдениетін білуге тырыспайтын. Оған қажеттілік те жоқ еді. Өйткені олар жоғары лауазымнан босай сала, Мәскеуге тартатын. Олар өздерін Қазақстанға уақытша іс сапармен келгендей сезінетін. Исаев та сондай кадр болатын.

Ертеңіне Мәскеуге «Семей обкомы хатшысының ұлтшылдығы» жайлы жедел хабар жетеді. Апта өткенде үш айға созылған тексеріс басталады.

Қорытындысында 1960 жылғы 27 тамызда өткен ҚКП ОК-нің бюросы «Семей облыстық партия комитетінің ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруді көбейту жөніндегі және облыс колхоздары мен совхоздарының 1960 жылға қабылдаған социалистік міндеттемелерін орындаудағы қанағаттанғысыз жұмысы туралы» мәселе және осы мәселеге қатысты КПСС ОК аппараты қызметкерлерінің хаттарын қарап, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығын басқарудағы елеулі кемшіліктері мен қателіктері үшін М.Ә. Сужиковты облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы және бюро мүшесі міндетінен босатады.

Алайда осыдан үш айдан кейін республикалық, облыстық газеттер Семей облысының социалистік міндеттемелерінің мерзімінен бұрын орындағаны жөнінде рапорттар жариялап жатты. Мұның негізі М.Сужиков басшылығы кезінде қаланғанын Мәскеу де, Алматы да біліп тұрғанмен, мойындауға қасаң тартқан партиялық «желке» ырық бермеді. Мұндай экономикалық секірістердің аз уақытта жүзеге асуы мүмкін еместігі баршаға мәлім еді.

М. Сужиковтың жоғары партиялық лауазымнан кетуінің негізгі себебі Семей сынақ полигонына қарсы шыққаны еді. Осы жерде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері М.Есеналиев өзінің «Штрихи к портрету. Наш Димеке» деген мақаласында Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы орнынан жұмыстағы кемшіліктері үшін алынды делінді, алайда ол Семей полигонындағы сынақтарға қарсы шыққаны үшін босатылған болатын деп жазды. Шындық солай болатын.

Осылай кеңестік идеологияның түсінігі бойынша «ұлтшыл», біздің ұғымымызда өз ұлтын сүйген, халқы үшін ештеңеден тайынбаған қайсар қайраткер Мұхамедғали Әленұлы Сужиков күш-жігерінің толып, ақыл-ойының кемелденген кезінде, ердің жасы елуге толуына 10 шақты күн қалғанда Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығынан босады.

М.Сужиков 1967-1971 жылдары Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы болды.

Мұхамедғали Әленұлы Сужиков қандай жұмыста болмасын айрықша жауапкершілік танытып, еліне қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетіп, Қазақстанның мәдениеті мен экономикасының дамуына үлкен үлес қосты. Сөйтіп мәңгілік өлмеудің жалғыз жолы халқының мүддесі үшін күрес екенін саналы һәм күреске толы ғұмырымен дәлелдеп кетті.